

І ТУЫ

ІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ АЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ноябрь Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын

Совет Одағының еңбекшілері! Бесінші бесжылдық жоспарды орындау және асыра орындау жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарысты кең өрістеміздер! Халық шаруашылығын жаңадан мықтап өркендету, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдениетін арттыру үшін, Совет мемлекетінің қуатын онан әрі нығайту үшін күресіңдер!

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандарынан).

уын Облыс еңбекшілерінің ұлы мерекеге арнаған тартулары

тябрь социалистік
ылдық мерекесін
рмен қарсы алып

Октябрь мереке-
тің жарыста күр-
еткені сөзсіз. Мін
қол жеткен табыс
ып, еңбек қарқы-
та беру болып та-
зге, совет адамда-

ы ғана баяндап,
ате болған болар
граммаларды орын
ыста ақау жібер-
оқ емес. Бұлардың
ғы завод пен Ми-
серві комбинатын

ыздың ауыл шар-
а өзінің шешілуін
әселелер бар. Өңгі-
ымына әзірліктің
ендігі, қыстаулар
ң қанағаттанғысыз
және тракторлар
машиналарын жөн-
стетілмегендігі жө-



Петропавл паровоз депосының фрезир-
овщикі М. Костин Ұлы Октябрь социалис-
тік революциясының 35 жылдығы құрметі-
не алған міндеттемесін 320 процент орын-
дауда.

СУРЕТТЕ: М. Костин жолдас жұмыс
үстінде.

★ Партия бізді жеңістерге бастайды

Совет Одағы Коммунистік партиясының
XIX съезінің қарарлары және көсеміміз
И. В. Сталин жолдастың съезде сөйлеген
тарихи сөзі, миллиондаған совет адам-
дары сияқты біздің заводтың жұмыс-
шылары мен инженер-техник қызмет-
керлерін еңбекте жаңа батырлық іс-
терге жігерлендірді. Партияның XIX съезі-
нің қарарлары мен Сталин жолдастың
«ССРО-да социализмнің экономикалық
проблемалары» деген данышпандық еңбегі
совет халықтарының социализмнен ком-
мунизмге бірте-бірте өту күресіндегі ұлы
программасы болып табылады. Съездің қар-
арлары мен Сталин жолдастың тамаша
еңбегін оқыған сайын болашағымыз жар-
қырап, коммунизмнің салтанат құратын-
дығына сеніміміз, жеңістерімізге дем беру-
ші және оны ұйымдастырушы партия-
мызға, ең сүйіктіміз —Отанымызға деген
сүйіспеншілігіміз бұрынғыдан да арта тү-
суде.

Мен шағын двигательдер зауыдында
станоктарды жөндеуші болып істеймін.
1952 жылдың өндірістік тапсырмасын 8

айда орындап шықтым. Кәзір 1953 жыл-
дың есебіне жұмыс істеп жүрмін. Ұлы Ок-
тябрь социалистік революциясының құр-
метіне алған міндеттемемді орындау үшін
барлық күш-жігерді жұмсаудамын. Бұл
күндерде сменалық тапсырманы орындау-
ды 250 процентке жеткіздім.

Өзімнің жалпы, саяси және техникалық
білімді көтеру үшін үздіксіз оқый-
мын. Кәзір механикалық техникумның
ақырғы курсына оқып жүрмін. Заводқа
кірместен бұрын онжылдық мектепті бітір-
ген болатынмын. Мақсатым —механика-
лық техникумды бітіріп, Москваның ма-
шина жасау институтында оқу.


Октябрь мерекесі жақындады. Біздің
халқымызға өлшеусіз бақыт әперген ұлы
мерекені күнделік тапсырманы 300 про-
цент орындап, өнім сапасын бұрынғыдан
да жақсартып түсумен қарсы алу үшін есе-
леген қарқынмен жұмыс істеудемін.

В. БОРИСОВ,

Шағын двигательдер зауыдының станок-
тар жөндеушісі.

ҚОЛ ЖЕТКЕН ТАБЫСТАР

Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX



Шағын двигательдер зауыдының жұмыс-
шысы В. Бердюков Ұлы мерекеге смена-
лық тапсырмасын үнемі 360 процент орын-
даумен келіп отыр.

СУРЕТТЕ: В. Бердюков жолдастық жұ-
мыс істеп тұрған кезі.

Суретті түсірген

А. Розенштейн.

мереке қарсаңындағы социалистік жарысты пәрменді өрістетудің нәтижесінде еңбек өнімділігін арттыра түсіп, өндірістік тапсырмаларды толық және артығымен орындады, жоспардан тыс көп өнім шы-

лын табысты аяқтау және өнеркәсіп орындарында жылдық өндірістік программаны мерзімінен бұрын толық және артығымен орындау жолындағы социалистік жарысты барған сайын кеңінен өрістетейік!

Октябрь алдындағы міндеттемелер орындалды

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандарымен жігерленген еліміздің алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының коллективтері бүкілхалықтық мереке күрмегіне алған міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындағандықтары жөнінде рапорттар беруде.

Бұл күндерде Жоғары-исетск металлургия зауытының оннан астам прокатчиктер және термистер бригадалары декабрь айының есебіне өнім беруде. Олар жоспардан тыс жүздеген тонна болат беруге міндеттеніскен болатын.

Жаңа Липецк зауытының доменщиктері ноябрьдің өндірістік жоспарын 102 процент орындады.

Ұлы мереке қарсаңында Ленинградтың «Электрик» зауытының металл қайнататын машина жасау цехының станокшылары жылдық программаны орындады. Цехтың озат өндірісшілері фрезеровщик Г. П. Петрачков, токарьлар Б. М. Логинов, В. С. Ильин және басқалары 1955 жылдың есебіне жұмыс істеуде.

Октябрь мерекесі алдындағы жарыста Тбилисидің Киров атындағы станок жасау зауытының коллективі жаңа табыстарға ие болды. Завод октябрьде айлық программаны мерзімінен бұрын орындады. Ереванның өнеркәсіп кәсіпорындарының 4 мыңнан астам жұмысшысы жылдық тапсырманы аяқтағандықтары туралы рапорт берді.

(СОТА).

Оқу орындары мен тұрғын үйлер

В. М. Молотов атындағы Москваның энергетикалық институтының студенттері үшін жатақхананың алғашқы кезегі пайдалануға берілді. Жатақхана 800 адамға лайықталған. Кәзіргі уақытта студенттер клубы мен асхананың құрылыс жұмысы кеңінен етек алуда. Москваның орман-тоғай техникалық институтының студенттері көлемі 5 мың шаршы метр жаңа оқу корпусында оқуда. М. В. Ломоносов атындағы нәзік химиялық технология институ-

тының үйі қайтадан салынып жатыр. Н.Э. Бауман атындағы Москваның жоғары дәрежелі техникалық училищесінің үйі кеңейтілуде. Москваның жоғары дәрежелі техникалық училищесінде жалпы курстық және группалық аудиториялар, үлкен кітапхана, спорт орындары жабдықталыуда. Еліміздің жоғары дәрежелі оқу орнының үйлерін қайтадан өңдеу және салу жұмысына ондаған миллион сом қаражат шығарылды.

И. В. Сталиннің „ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары“ деген еңбегінің қазақ тілінде басылып шығуы

Қазақ мемлекет баспасы И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін қазақ тілін-

де дербес кітапша етіп басып шығарды. Кітапша 50 мың дана болып басылып шықты. (ҚазТАГ).

мен орындап жүр.

СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандары колхозшылар арасында жаңа еңбек өрлеуін туғызды. Партия Ұрандарына іспен жауап беруді көздеп, колхозшылар қар тоқтатуға әзірлік қарқынын еселеп арттыра түсті. 7 ноябрьге дейін колхозшылар қар тоқтататын қалқандар, әртүрлі бөгеттер жасау ісін мейлінше жақсартуға ұйғарып отыр.

В. СКИБСКИЙ.

МОЛ ТАБЫС ИЕСІ

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының сауыншысы Ж. Есенованың іс тәжірибесінен

Ж. Есенова Мамлют асыл тұқымды мал совхозында он жылдан бері сауыншы болып істейді. Алғашқы жылы оның қарамағында 25 сауын сыйыр болды. Бұрын мұндай жұмыс істемеген оған сыйыр сауу көп қиынға түсті. Ол біраз уақыт сүт дайындаудың тағайындалған жоспарын орындай алмай жүрді.

Есенова жолдас мұндай қиыншылыққа мойымай, сыйырдан сүтті көп алудың жолдарын қарастырумен болды. Ол совхоздың озат сауыншыларынан сүтті мол алудың жолдарын үйреніп, қайткен күнде де табысты еңбек етуге бел байлады. Бұл өзінің игілі нәтижесін берді. Ол ғылым мен озат тәжірибе табыстарын өзінің күнбе-күнгі жұмысында шебер қолданып, сыйыр саууда істестерімен бірге жоғары көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік алды.

Есенованың сыйырдан сүтті көп алған жылы 1949 жыл болды. Бұл жылы ол қарамағындағы сыйырлардың әр қайсысынан орта есеппен 1886 литр сүт алды. Ал, үздік сауыншы 1950 жылы әрбір сауын сыйырдан 3994 литр сүт алса, 1951 жылы 4137 литр сүт сауды. Сөйтіп, совхоздың алдыңғы қатарлы сауыншыларының қатарына қосылды.

Кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хат сауыншыны жаңа табыстарға жігерлендірді. Ол әрбір сауын сыйырдан сүтті мол алып, қоғамдық мал шаруашы-

тың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзімен жігерленген колхозшылар қоғамдық малды қыстық жемшөппен жеткілікті қамтамасыз етті.

Малды қысқы маусымда мезгілінде азықтандыру мақсатымен колхозшылар дайындалған жемшөпті қоралар жанына тасып алуды да кеңінен өрістете жүргізді. Осының нәтижесінде кәзірдің өзінде мал қоралары жанына 4 мың центнерден астам жемшөп тасылып алынды.

Шөп тасуда колхозшылар қажырлы ең-

жүздеген цент Мал азығы көздеп, колхоз жыйнауды 3532 гектар лып алынды. Партияныңлығын өркен жүзеге асыру отырып, колхозылы қорала етті.

мы да жоқ е, де бар.

—Совхозды тарын мен ж дейді Есеновалығындағы мал басын өс ру ісін едәуір бегіміз жеңіл алатын болды

Озат сауын көрсеткішке е мен тәжірибе ғыз ұштастық уыншы өндірі қанағаттанбай мамандығын жоқ, бұл оны быстарға жет ды.

Ол малшы дей сауын с ұстайды. Олар ыры отырады. ғындағы жау йырдан қысқы үшін оларға жеткілікті да басталғанда о ды мезгілінде талап етіп оның қарамағ әрқашан күйі лады. Ал, қы ге алынған с уылатыны мә Жазды күн шүйгін, суы

лығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру ісіне келелі үлес қосуға міндеттенді. Алған міндеттемесін жүзеге асыру жолында ол қажырлы күрес жүргізіп, айтарлықтай табыстарға жетті. Осы жылғы 9 айдың ішінде ол қарамағындағы сауын сыйырлардың әрқайсысынан 3110 литр сүт алып, сыйыр саууда совхоз бойынша үздік шықты.

Озат сауыншы партияның XIX съезі күндерін бейбіт еңбек майданында күрделі табыстармен өткізді. Ол Отанымыздың астанасы —Москвада еліміздің өміріндегі аса зор тарихи оқыйға— XIX съезд өтіп жатқан күндерде сыйыр саууда күндік норманы біржарым—екі еседен орындауға жетісті.

Ж. Есенова сыйыр саууда мұндай жоғары көрсеткіштерге қалай жетіп отыр?

—Мен сауыншы болып істегелі бйыыл он жыл. Осы мерзім ішінде совхозымыздың шаруашылығы барлық жағынан өркендеп, алға басты. Мысалға мал шаруашылығын алайық. Мен алғаш сауыншы болып істеген жылы фермаларда еңбек ұйымдастыру кәзіргіден мүлдем төмен болатын. Мал азығы жылма-жыл жеткіліксіз дайындалатын. Фермаларда еңбекті көп керек ететін жұмыстар аз механикаландырылған еді. Малды механикалық жолмен суару, азықтандыру, сыйырды электр агрегатымен сауу дегенді біз білмейтінбіз. Сол сыяқты мал қораларында Ильич ша-

Хи баяндамасы

ик революциясының, 25 жылдығы" жыл толуына)

болды. Оның дерінің одақ-ел бұзып, Ел

қасақана дің реакция-ң гитлерлік үресте қатты пестердің оны-кіндік беруі-

Брабазон со-141 жылдың еліп, совет бірін-бірі өзін-қуа-гізуші мемле-і.

нде-ақ ол іргі АҚШ-інде мына-гер біз Гер-ін көрсек, ерек, ал Рос-Германияға олар бірін-ін».

теп-төстеуші-тылған қа-социализм-опасыздық-ныларға өз-әскерлерінің-арының ар-а жіберіп,-майданда-берді. Совет-тегеуіріні-келді.

дас, —не-ен олардың-даларының-ір ел және

нен Совет Одағының фашист басқыншылар-ға қарсы күресінде оны батыл қолдауды талап етті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 25 жылдығы туралы баяндамасында Сталин жолдас гитлерге қарсы одақтың азаттық мақсаттарын мейлінше айқын көрсетті: «... нәсілдік ерекшелікті жою; ұлттарды тең праволы ету және олардың жеріне қол сұғылмайтын ету; құлдыққа салынған ұлттарды азат ету және олардың ерікті ел болу праволарын қалпына келтіру; әрбір ұлттың өзі тілегенінше тұрмыс құруына право беру; бүліншілікке ұшыраған ұлттарға экономикалық жәрдем көрсету және олардың әл-ауқатын жөндеуіне көмектесу; демократиялық бостандықтарды қайта орнату; гитлершілдердің тәртібін жою».

Совет халқының фашистік агрессорларға қарсы Ұлы Отан соғысының әділеттілік, азаттық сыпатын белгілеген бұл программа фашистік кіріштарлыққа түскен Европаның барлық халықтарының армандары мен үміттеріне сай келді, сондықтан олар бұл программаны қызу қуаттады.

Фашистік агрессорларды жеңуде шешуші роль атқарған Совет Одағы өзінің халықаралық міндеттерінен ешқашан айнымай, сталиндік программаны соғыс кезінде, сол сыяқты, соғыстан кейінгі жылдарда да бұлжытпай дәйектілікпен жүзеге асырып келді.

АҚШ пен Англияның билеп-төстеуші топтары басқаша бағытта болды. Олар соғыс кезінде өздерінің одақтастық міндетін өрескел бұзды, ал, соғыстан кейін халықаралық келісімдерді бұзу жолына, ССРО-ға және халықтық демократия елдеріне қарсы соғыс әзірлеу жолына түсті. Өздерінің дүниежүзілік үстемдігін орнатуға дөменген АҚШ империалистері кәзіргі уақыт

Аң терілері — бағалы шикізат

Облысымызда түрлі аңдар өте көп. Сонымен бірге басқа облыстардан әкелінген аңдар да көптеп өсірілуде. Мәселен, бұдан он жыл бұрын тұңғыш рет облысымыздың кейбір көлдеріне бірнеше жүз ондатор жіберілген болатын. Осы мерзім ішінде Мамлют, Преснов, Приешім, Октябрь аудандарының көлдерінде ондаторлар жақсы өсіп, өрбіді. Мұның өзі ондатор терісін дайындауы едәуір арттыруға мүмкіндік беруге бірге, ондаторды одан әрі көбейте беру үшін басқа аудандарға беруге де жағдай туғызып отыр.

Кәзір облысымыздың бірқатар колхоздарында қара түлкі өсіретін фермалар бар. Бұдан колхоздар жыл сайын көп кіріс табады. Сонымен бірге, облысымыздың жерінде ақтышқан, қасқыр, қоян және басқа да сол сыяқты аңдар көп.

Аң терілерін дайындауда аңшы кадрлар зор роль атқарады. Үкметіміз оларға зор көңіл бөліп, аңшыларды мылтықпен, оқ-дәрімен және керек-жарақпен қамтамасыз ету үшін жыл сайын көп қаржы бөліп отырады. Сонымен бірге аңшыларға өндіріс товарларын сату ұйымдастырылған.

Бұл қамқорлыққа облыс аңшылары аң терілерін дайындауда жылдан жылға жаңа табыстарға жетумен жауап беруде. Мәселен, 1951 жылы 1949 жылғымен салыстырғанда аң терілері біржарым есе артық дайындалды. Өткен жылы аң терілерін дайындау жоспарын ойдағыдай орындағаны үшін бір топ аңшылар құрмет грамоталарымен, «Аң аулаудың отличнигі» деген значекпен наградалды және ақшалай сыйлық алды. Олардың ішінде өткен жылы жоспарды 650 процент орындаған Приешім ауданының жас аңшысы Г. Гриценко, жоспарды 830 процент орындаған Б. Буч (Соколов ауданы) жолдастар бар.

Октябрь мерекесі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштаса отырып, көптеген аңшылар үстіміздегі жылы да бірқатар табыстарға ие болды.

Сонымен бірге, аң терілерін дайындау ісінде әлі де болса үлкен кемшіліктерге

жол беріліп келеді. Ноябрь айынан бастап облыстың барлық жерлерінде аң аулау маусымы басталады, жүздеген аңшылар аң аулауға шығады. Осыған байланысты кәзір бірқатар аудандарда аңшылардың слеті өткізіліп жатыр. Алайда, Полудень және Көнжухов аудандық «Заготживсырьё» мекемелерінің қызметкерлері бұл слетті өте төмен дәрежеде өткізді және оған санауды ғана аңшылар қатыстырылды.

Көптеген аудандарда еңбекшілер депутаттары облыстық Совет атқомінің «1952-53 жылы күзгі-қысқы маусымда аң терілерін дайындау жоспарының орындалуына қамтамасыз ету шаралары туралы» осы жылғы 13 октябрьдегі қаулысы ойдағыдай орындалмай отыр.

Қасқыр — колхоздың қоғамдық малына үлкен зиян көлтіреді. Ал, қасқырды жоюға қарсы күрес шаралары көп аудандарда қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Мәселен, үстіміздегі жылдың 9 айы ішінде Көнжухов ауданында 6 қасқыр, Мамлют ауданында 5, Полудень ауданында 6 қасқыр ғана ұсталған.

Аңшылар арасында таңдаулылардың тәжірибесі жеткіліксіз насихатталады, «Заготживсырьё» мекемесі қызметкерлері, аңшылар арасындағы социалистік жарысты формальді түрде ғана ұйымдастырған.

Аң терілерін дайындау орындарының міндеті бұл кемшіліктерді дереу жою, әрбір колхоздың тәжірибелі аңшыларды бөліп, оларға тиісті көмек көрсетуіне жетісулері керек.

Облыс аңшыларының, партиямыздың XIX съезінің материалдарымен және ұлы көсеміміз И. В. Сталин жолдастың тарихи сөзімен жігерлене отырып, үстіміздегі жылы өздеріне жүктелген міндетті аброймен орындайтындығына, сөйтіп, сүйікті Отанымызға жоғары сапалы аң терілерін көп беретіндігіне сенім зор.

А. БУШУЕВ.

Дайындау Министрлігі облыстық өкілінің дайындау секторының бастығы.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС

КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 3 ноябрь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін берген хабарында, өткен күні Корей Халық армиясының бөлімдері қытай халық еріктілерімен бірге Орталық майданда кескілескен қорғаныс ұрыстарын жүргізді делінген.

Қымхва ауданында 7-американ дивизиясының бір полкі 75 танк және көптеген самолеттердің қолдауымен 14 рет атақалар жасады. Біздің әскерлеріміздің қарсылығына кездесіп, адам және материалдық жағынан үлкен шығындарға ұшырап, дұшпан кейін шегінді.

Мундынни ауданының батысына таман лисынманыш әскерлердің бір батальоны 13 рет күшті атақалар жасады. Дұшпан үлкен шығындарға ұшыратылып, кейін шегеріліп тасталды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқыштар дұшпанның 4 самолетін атып түсіріп, 5 самолетін зияндады.

БЕЙІТІШІЛІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН!

Норвегия компартиясы орталық

Комитетінің пленумында

ОСЛО, 3 ноябрь. (СОТА). «Фрехетен» газеті Ослода 2-3 ноябрь күндері Норвегия коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы болғандығын хабарлады.

Пленумға Швеция компартиясының өкілі Сет Перссон және Дания компартиясының өкілі Берге Хоуман қатысқан.

Орталық Комитеттің пленумы Норвегия коммунистік партиясының VIII съезін 1953 жылы 20 мартта Ослода шақыру туралы қарар қабылдады.

Пленум норвег халқына бірауыздан үндеу қабылдады. Үндеудің соңғы қорытынды бөлімінде былай делінген:

«Елімізді доллар империализмінің үндемей келіп бас салған құлдығынан азат

ған алғашқы айлардағы сыяқты барлық үш бағытта, оңтүстікке, солтүстікке, орталыққа қабат шабуыл жасарлықтай кезір немістер күшті емес, бірақ кейбір жеке бағытта елеулі шабуыл ұйымдастыруға оларда күш әлі жеткілікті».

Мұнан кейін Сталин жолдас немістердің 1942 жылғы шабуылында көздеген негізгі мақсаты: «Москваны енді орап алып, соғысты осы жылы аяқтау» болғанын көрсетті. 1941 жылы Москваға тікден шабуыл жасау әрекетінде жеңілгеннен кейін гитлершілер Москваны алдын-ала оның Волгалық және Уралдық тылынан бөліп тастап, Москваны орап алған шабуылмен алуға ұйғарды.

Сталиндік қолбасшылық данышпандық, совет адамдарының майдандағы және тылдағы ерлігі, олардың жеңіске ұмтылған қайтпас жігері фашист басқыншыларды барлық есебінен жаңылдырды. Совет Армиясы жауды Сталинград түбінде тоқтатты. Бірақ гитлершілер, адам күші жә- техника жағынан орасан көп шығынға ұшырағанына қарамастан, өздерінің бұл жердегі әскерлеріне үсті-үстіне көмек жіберуде болды. Сөйтіп 1942 жылғы нояб- брдің бас кезінде совет-герман майданын да жағдай ерекше ауыр болды.

«...Немістердің бйыл біздің майданда тактикалық табыстарға жетуінің негізгі себебі,—деді Сталин жолдас,—Европада екінші майданның болмауы, оларға өздерінің басы бос резервтерінің бәрін біздің майданда ұрысқа шығарып, оңтүстік-батыс бағытында анағұрлым басым күштер топтастыруға мүмкіншілік бергені».

Дүниежүзілік бірінші соғысқа Германияның ол кездегі 220 дивизиясынан 127 дивизиясы орыс әскерлеріне қарсы соғысқаны мәлім. Германияның басқа дивизиялары ағылшын-француздардың одақтастық армияларына қарсы соғысуда болды. Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде Германияның 256 дивизиясынан 240 дивизиясы

буылының данышпандық жоспарын жүзеге асыруды әзірледі. 1942 жылғы 7 ноябрыдағы бұйрығында Сталин жолдас жауыңгерлерді өздерінің берік тәртібін оған сайын нығайтуға, жауынгерлік өнерін арттыра беруге, өздерінің позицияларын табандылықпен қорғауға, жаудың ілгері басуына мүмкіндік бермеуге, жауға қыйрата соққы беруге қажырлылықпен аянбай әзірленуге шақырды. «Жау Қызыл Армияның жаңа соққыларының күшін білетін күн алыс емес. Мереке күні бізде де болады!»—деп жазды Сталин жолдас.

Бұл сөздер әрбір жауынгердің, әрбір совет адамының санасына қонып, күшін-күш қосты, жауды талқандайтын жеңестің жақындағанына сенім берді.

Сталиндік нұсқауларды орындай отырып, совет әскерлері шабуыл бастады, бұл шабуылдағы қаһармандық қыймылдардың үш айы ішінде —1942 жылғы ноябрымен 1943 жылғы февральға дейінгі уақыттың ішінде —фашист басқыншыларға сан рет қыйрата соққы берді, сөйтіп, соғыстың барысында түбірлі өзгеріс туғызды, Сталинград түбіндегі орасан зор ұрыста неміс-фашистердің 330 мың кісілік армиясы шінара жойылды, ішінара қолға түсірілді. Жауды совет елінен жаппай қуу басталды.

* * *

Италия-герман одағын оқшау қалдырып, фашистік агрессорларға қарсы бірлесіп күресу мақсатымен, ССРО-ның Англиямен, АҚШ-пен және басқа капиталистік елдермен бірге гитлерге қарсы одақ жасау сталиндік сыртқы саясаттың дүниежүзілік екінші соғыс жылдарындағы ұлы еңбегі болды. Бұл одақты құруға және нығайтуға бөгет жасаған АҚШ пен Англияны, билеп-төстеуші топтарының совет еліне дұшпандық әдіс-айлаларына қарамастан, бұл одақ соғыстың аяғына дейін сақталды. Оның ең бірінші себебі — капиталистік елдердің халықтары өздерінің үкметтері-

тер, Сталин жолдас-тың көрсеткеніндей, «...гитлерлік мемлекетті және оған дем берушілерді құрту...», гитлерлік армияны және оның басшыларын құрту...», «Европадағы жаңа тәртіп» деген зұлымдық тәртіпті қыйрату және оны орнатушыларды жазалау» болды.

Өзінің туысқан партиясы басшылық етіп отырған совет халқы ұлы Сталиндік данышпандық нұсқауларын орындай отырып, гитлершіл басқыншыларды талқандады.

Партияның XIX съезіндегі өзінің тарихи сөзінде Сталин жолдас біздің партиямыз шетелдік туысқан партиялардың үмітін «... әсресе, дүниежүзілік екінші соғыс дәуірінде Совет Одағы неміс пен жапондардың фашистік озбырлығын талқандап, Европа мен Азияның халықтарын фашистік құлдық хауінінен құтқарған кезде» ақтаранын көрсетті.

Ұлы Отан соғысында советтік қоғам құрылымы, советтік мемлекет құрылымы жеңіп шықты, советтік қарулы Күштер жеңіп шықты.

Төртінші (соғыстан кейінгі бірінші) бес жылдық жоспардың ойдағыдай орындалуын қамтамасыз еткен Коммунистік партияның ұлы ұйымдастырушылық ролі және бұқараның творчестволық белсенділігі орасан кең өріс алуы соғыстан кейінгі жылдарда жаңа күшпен көрінді. Еліміз соғыс түсірген ауыр жарақатын қысқа мерзімде жазып, өзінің экономикасы мен мәдениетін мықтап өркендетті, коммунистік құрылыстың сталиндік программасын орындау жолында зор табыстарға жетті.

Совет адамдары партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бес жылдық жоспары жөніндегі директиваларын асқан жігер мен зор шаттықпен қарсы алды. Бұл жоспарды жүзеге асыру социализмнен коммунизмге қарай өркендеу жолындағы алға басқан ірі қадам болады.

И. ГРИГОРЬЕВ.

Съезд қарарларын жүзеге асыра отырып, біз оқу үйінің жұмысын едәуір жақсарттық. Кітап оқушылардың тілегін тыңғылықты өтеу мақсатында жаңадан бірқатар әдебиет кітаптарын сатып алдық. Біздің оқу үйінде радиоқабылдағын бар. Радиоқабылдағыш арқылы СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандарын зейін сала тыңдадық. Орталық Комитеттің Ұрандары совет адамдарын бейбітшілік жолындағы күрестің алдынгы сапында болуға, жаңа бес-

орындауға, ауылшар-бысты аяқтауға жігі Біз оқу үйінің жұ ауыл шаруашылығын және рухани тіле-саяси және мәдени-ды колхозшы шаруа-міндеттерді іс жүзін дыруға бағыттап жү

Преснен ауданы, А-веті жанындағы оқ

Жексенбілікке барды

Қарағанды темір жолымен жүретін поездар Смирново станциясына су алу үшін тоқтағанда «Борьба за коммунизм» колхозы жанындағы көлдің суымен қамтамасыз етілетін. Көлдің суы азайғандықтан оны Жалтыр көлімен қосу үшін кезір арық қазуда 3 экскаватор, жүздеген адам жұмыс істеп жүр.

Өткен демалыс күні Смирнов орта мектебінің оқушылары мен оқытушылары жексенбілік ұйымдастырып, арық қазушыларға көмекке барды.

Г. БАЛТАБАЕВ.

Кітаптар са

Төңірін селосында ны) ауылшаруашылы-лайтын мектептің к-35400 сомның 8500 Үстіміздегі жылдың наға арнап 2300 со-сатып алынды.

Кітапханада В. Сталиндің шығармалары мен түрлі әдеби, агро-калық, механикалық ті.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Главкинопрокат» бөлімшесі облыс экрандарында көркемсуретті (2 сериялы).

«КҮЙРЕУ»

деген жаңа спектакль-фильм көрсете бастайды.

Фильм Б. Лаврентьевтің пьесасын Ленинградтың М. Горький атындағы мемлекеттік Үлкен театры қойғанда түсіріп алынған.

«Қазахвино» базасы ажыратылуға байланысты, «ГАЗ—ММ» автомашинасын және басқа да мүліктер саталды.

Адрес: Ленин көшесі 10-үй, «Қазахвино» базасы.

6-7-8 н

«УДАРНИК»

«КҮЙ

1-сер

Сеанстар сағат 4-8

II-се

Сеанстар сағат 6-10

Касса сағат 3-тен 6

5 ноз

«ОКТЯБРЬ» ки

«СІБІР ЖЕРІ 1

Сеанстар сағат 4-6

«НАЙЗ

Сеанстар сағат 8-10

Касса сағат 3-тен 6

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс етілмесе —1-